Жұмыс күндері :

4.Аптасына – 5 жұмыс күні

Жұмыс уақыты

1.8.00-13.00, 15.00 -18.00

2.Мектеп директоры: 8.00-13.00, 15.00 -18.00

3.Директордың орынбасарлары:

а) оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: 8.00 -14.00, 16.30 -18.30

б) тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: 8.00 -13.00, 15.00 - 18. 00

в) шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: 9.00 -13.00, 14.00 - 18.00

4. педагог- психолог: 9.00-14.00, 16.00-18.00

5. медицина қызметкерлер: 8.00 -12.00, 17.00 -19.00

6. кітапханашы: 9.00 -13.00, 14.00 -18.00

7. іс-жүргізуші: 9.00-13.00, 14.30 -18.30

I.Білім беру процесі.

1. Мектеп оқыту процесін білім берудің үш сатылы деңгейлі жалпы білім беру бағдарламалары мен жүзеге асырады: 1 саты- жалпы бастауыш білім (игерудің кесімді мерзімі-4жыл); 2саты- орта негізгі білім (игерудің кесімді мерзімі-5жыл);3саты-жалпы орта білім (игерудің кесімді мерзімі-2жыл).

2. Бастауыш білім (1саты) оқушының оқу, жазу, есептеу, оқу әрекетінің негізгі іскерліктері мен дағдыларын, теориялық ойлау элементтерін, оқу әрекетіндеөзін-өзі бақылаудың, сөйлеу және жүріс-тұрыс мәдениетінің қарапайым дағдыларының, жеке бас гигиенасы мен слауатты өмір салтының алғашқы негіздерін игертуді өамтамасыз етеді.

3. Орта негізгі білім (2саты) арнаулы пәндік білім негіздерін қалайды, оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның қызығушылығын, қабілетін әлеуметтік бейімделуіне қарай дамытуға, базалық білім алуына жағдай жасайды.

4. Жалпы орта (толық) білім ғылым негіздері бойынша жалпы білім дайындығының қорытындылаушы кезені болып саналады, оқушылардың тұрақты танымдылық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуды, саралап оқыту негізінде өз бетінше оқу әрекеттері дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

5. Жалпы білім берудің бұл сатысында оқушының қызығушылығы мен қабілетін дамытуға, кәсіптік бағдарын айқындауға бағытталған, оқушының өз таңдауы бойынша бағдарлы оқыту жүзеге асырылады.

6. Мектептің оқыту процесін ұйымдастыру мен оқу-тәрбие процесінің жоспары оқу жоспары негізінде құрылып, жылдық күнтізбелік оқу кестесі мен сабақ кестелері арқылы реттеледі.

7. Білім мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты ескеріліп жасаған бағдарламалар мен оқу жоспарлары негізінде анықталады.

8. Мектеп аралас, яғни оқушылар қазақ және орыс тілдерінде оқытылады.